**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті**
**Силлабус**
**KOKN 3510 «Кеден Одағының құқықтық негіздері»**
**Күзгі семестр 2016-2017 оқу жылы**

| Пән коды | Пән атауы | Пән түрі | Аптадағы сағат саны | | | Кредит саны | ECTS |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Дәріс | Семинар | Лаб | | |
| **KOKN 3510** | Кеден Одағының құқықтық негіздері | МК | 2 | 1 | 0 | 3 | 5 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Пререквизиттер** | «Кеден Одағының құқықтық негіздері » пәнін меңгеру үшін оқытылуы қажетті пәндер: 1) Мемлекет және құқық теориясы; 2) ҚР конституциялық құқығы; 3) ҚР азаматтық құқығы; 4) ҚР еңбек құқығы; 4) ҚР қылмыстық құқығы; 5) ҚР әкімшілік құқығы. 6) ҚР Кеден құқығы | | |
| **Дәріскер** | Куаналиева Гүлдана Амангелдіқызы - з.ғ.д., "Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының" профессоры м.а | **Офис-сағат** | Кесте бойынша |
| **e-mail** | kuanalieva.guldanakz@mail.ru | | |
| **Телефоны** | 377 33 36 (12-57) | **Аудитория** | 333, 323 |
| **Пән сипаттамасы** | **«Кеден Одағының құқықтық негіздері »** пәнін оқытудың мақсаты Кеден Одағының кеден заңдарын оқып-игеру: кеден органдары қызметтерінің мақсаттарын, міндеттерін, құқықтық нысандары мен тәсілдерін, сондай-ақ Кеден Одағының кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізу тәртіптерін, кедендік төлемдер алу, жүктерді декларациялау мен рәсімдеу, кедендік және валюталық бақылау және басқа да кедендік операциялар, кеден заңдарын бұзғандық үшін құқықтық жауапкершілікке тартуға байланысты туындаған қатынастар, сондай-ақ кеден органдары әрекеттеріне шағымдану негіздері мен тәртіптері және т.б. | | |
| **Пән мақсаты** | 1. студенттерді Кеден Одағының құқықтық негіздерінің бастапқы, негіз қалаушы ережелерімен, ілімдерімен таныстыру;<br>2. студенттерді дербес тәжірибелік қызметке даярлау;<br>3. студенттердің саясатта және мемлекеттік-құқықтық тәжірибеде дұрыс бағдар алуына көмектесу;<br>4. студенттердің кеден құқығы нормаларын, мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық институттардың оларға негізделген қызметтерін, үдерістерді құқықтық талдау әдістемесін меңгеруі;<br>5. студенттердің халықаралық кедендік құқықтық нормаларға және практикаға саяси, экономикалық, мәдени сипаттағы факторлардың әсер етуін анықтауы;<br>6. құқықтық реттеу нұсқаларының көптігіне қарамастан жалпы азаматтық құндылықтарға бет бұрған неғұрлым мақсатты үлгілерді бөліп көрсету және студенттердің бойында қандай-да бір нақты-тарихи жағдайларда оны қолдану мүмкіндігін анықтау қабілетін қалыптастыру. | | |
| **Оқу нәтижесі** | 1. Кеден Одағының құқықтық негіздері нің өзекті мәселелері бойынша өз көзқарасын қисынды түрде сауатты жеткізе білуді және оны негіздеу мүмкіндігін игеруі тиіс;<br>2. Кеден Одағының кедендік заңнама сын тауып, оларды талқылап, қолдана білуге дағдылануы;<br>3. Кеден Одағының қолданыстағы кедендік заңнамасына сәйкес түрлі құқықтық әрекеттерді саналы түрде жасап үйренуі тиіс; | | |

| | |
|---|---|
| | 4. Кеден Одағының шекарасы шегінде кедендік төлемдерді құқықтық реттеудің құқықтық негіздері мен кеден одағындағы кедендік қатынастарды тарифтік реттеудің ерекшеліктерін білуі тиіс;<br>5. Кеден Одағының аумағы аясында кедендік төлемдерді құқықтық реттеудің нормативтік-құқықтық базасы мен тарифтік реттеудің тәсілдерін, кедендік салықтар мен төлемдерді білуі тиіс. |
| **Әдебиеттер** | **Негізгі:**<br>1. Алибеков С. Т. "Қазақстанның кеден құқығы: жалпы және ерекше бөлім". - Алматы, 2008.<br>2. Гребенщикова Л.В., Кубасова И.А., Сарсембаев М.А. Таможенное законодательство Казахстана и международные таможенные конвенции. – Алматы, 2006.<br>3. Ноздрачев А.Ф. Таможенное право. – М., 2011.<br>4. Мадиярова Д.М. "Кеден ісін ұйымдастыру және басқару". -Алматы 2000.<br>5. В. Пресняков "Экономическая безопасность: таможенные методы и средства обеспечения". Внешняя торговля, 1995.<br>6. Аграшенков А.В. Психология в таможенном деле. СПб.: «ПиК», 1995.<br>7. Асанов А.М. Циклическое развитие управленческой мысли. – В кн.: Материалы V Международной конференции «Циклы природы и общества». Ч. 1. Ставрополь, 1997 год. С. 382.<br>8. Ершов А.Д. Основы управления и организации в таможенном деле. Учебное пособие. Санкт-Петербург 1999.<br>9. Әлібеков С.Т. Қазақстанның кеден құқығы, Алматы. 2007.<br>10. Бекбосунов И. «Ответственность за нарушение таможенных правил», Внешнеэкономическая деятельность, 2001.<br>**Нормативтік-құқықтық актілер тізімі:**<br>1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.1995 жыл 30 тамыз. ҚР 7.10.1998 ж., 21.05.2007ж.; 2.02.2011ж. Заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.<br>2. Кеден Одағының Кеден кодексі. Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың мемлекеттер басшыларының деңгейіндегі мемлекетаралық кеңесінің (кеден одағының жоғарғы органы) 2009 жылы 27 қарашадағы шешімімен қабылданған Кеден одағының кеден кодексі туралы шартқа қосымшамен бекітілді. Кеден одағының Кеден кодексі туралы шарт ҚР 2010 жылғы 25 маусымдағы №293-4 Заңымен ратификацияланды. 2010 жылғы 1 шілдеден күшіне енді.<br>3. Қазақстан Республикаснның Кеден ісі туралы Кодексі, Қазақстан Республикасының 2010 жыл 30 маусымдағы №296-IV Заңымен қабылданған.<br>**Онлайн қолжетімді:** Пән бойынша үй тапсырмаларын және өзіндік жұмыстарды орындау кезінде қажет болатын оқу материалдары, сондай-ақ, өзге де Қазақстан Республикасының заңнамалары ПОӘК бөліміндегі univer.kaznu.kz деректер базасында қол жетімді болады. |
| **Пән талаптары** | 1.Пән бойынша білім мен дағдыларды иелену үшін, студенттер оқытушының тапсырмаларын, өзіндік жұмыстарға дайындалған тапсырмаларды өз уақытында және нақты орындауы тиіс.<br>2.Студенттер оқытушы ұсынған негізгі және қосымша әдебиетпен танысуы керек.<br>3.Тапсырмаларды орындау үстінде, сондай -ақ бақылау және курстық жұмыстарын дайындау кезінде студенттер қойылған міндеттерді шығармашылық ынталылықпен жұмыс істеу керек.<br>4.Қазақстан Республикасының нормативті-құқықтық базасын және сот |

<table>
<tr><td></td><td>дәлелдемелер теориясы бойынша ғылыми әдебиетті сыни тұрғыдан оқып үйрене отыра, студенттер зерттелетін сұрақтар бойынша өзінің ой пікірін айтуы және тұжырымдарын дәлелді түрде негіздеу қажет.<br>5.Пән бойынша білім мен дағдыларды иелену үшін, студенттер оқытушының тапсырмаларын, өзіндік жұмыстарға дайындалған тапсырмаларды өз уақытында және накты орындауы тиіс.<br>6.Тапсырмаларды орындау үстінде, сондай -ақ бақылау және курстық жұмыстарын дайындау кезінде студенттер қойылған міндеттерді шығармашылық ынталылықпен жұмыс істеу керек.<br>7.Қазақстан Республикасының нормативті-құқықтық базасын және сот дәлелдемелер теориясы бойынша ғылыми әдебиетті сыни тұрғыдан оқып үйрене отыра, студенттер зерттелетін сұрақтар бойынша өзінің ой пікірін айтуы және тұжырымдарын дәлелді түрде негіздеу қажет.</td></tr>
<tr><td>Бағалау саясаты</td><td>
<table>
<tr><th>Өзіндік жұмыстар сипаттамасы</th><th>Көлемі</th><th>Оқу нәтижесі</th></tr>
<tr><td>Үй жұмыстары (СӨЖ)</td><td>35%</td><td>1,2,3,4,5,6</td></tr>
<tr><td>Кеден Одағының құқықтық негіздері бойынша Кеден Одағының кеден құқығының жалпы бөліміне қатысты мәліметтерді меңгеру</td><td>10%</td><td>2,3,4</td></tr>
<tr><td>Кеден Одағының құқықтық негіздері бойынша Кеден Одағының кеден құқығының ерекше бөліміне қатысты мәліметтерді меңгеру</td><td>15%</td><td>4,5,6</td></tr>
<tr><td>Емтихан+Midterm</td><td>40%</td><td>1,2,3,4,5,6</td></tr>
<tr><td>ҚОРЫТЫНДЫ</td><td>100%</td><td></td></tr>
</table>
Қорытында баға мына формула бойынша шешіледі:<br><br>
$$\text{Пән бойынша қорытынды баға} = \frac{\text{РК1}+\text{РК2}}{2}\cdot 0,6 + 0,1\text{МТ} + 0,3\text{ИК} = 100 \text{ б}$$
<br>Төменде минималды бағалар процент түрінде белгіленген:<br><br>
95% - 100%: A 90% - 94%: A-<br>
85% - 89%: B+ 80% - 84%: B 75% - 79%: B-<br>
70% - 74%: C+ 65% - 69%: C 60% - 64%: C-<br>
55% - 59%: D+ 50% - 54%: D- 0% -49%: F</td></tr>
<tr><td>Пән саясаты</td><td>Жұмыстардың барлық түрін көрсетілген мерзімде жасап тапсыру керек. Кезекті тапсырманы орындамаған, немесе 50% - дан кем балл алған студенттер бұл тапсырманы қосымша кесте бойынша қайта жасап, тапсыруына болады. Тұлғаларға көшіруге, емтиханды басқа тұлғалар үшін тапсыруға жол берілмейді. Курстың кез-келген ақпаратын жалған жасап ұсталған студент «F» қорытынды бағасын алады. Көмек: өзіндік жұмыстарды (СӨЖ) орындау, оларды тапсыру және қорғау барысында кеңес алу, сонымен қатар өтілген материалдар бойынша қосымша ақпараттар алу және оқылған курс бойынша пайда болған сұрақтар бойынша оқытушыдан оның офис-сағаттары уақытында қажетті мәліметтер алуға болады. Толерантты болыңыз, яғни өзгенің пікірін сыйлаңыз. Қарсылығыңызды әдепті күйде білдіріңіз. Плагиат және басқа да әділсіздіктерге тыйым салынады. СӨЖ, аралық бақылау және қорытынды</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | емтихан тапсыру кезінде көшіру мен сыбырлауға, өзге біреу шығарған есептерді көшіруге, басқа студент үшін емтихан тапсыруға тыйым салынады. Курстың кез келген мәліметін бұрмалау және шпаргалка қолдану үшін студент «F» қорытынды бағасын алады. |

## ПӘННІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

| Апта | Тақырыптың аталуы | Сағат саны | Бағасы |
|---|---|---|---|
| 1 | **1 дәріс.** Кеден Одағының құқықтық негіздері пәні, қағидалары мен мақсаттары. | 2 | |
| | **Семинар сабағы.** Кеден Одағының кеден құқығының негізгі түсініктері, міндеттері және жүйесі. | 1 | 6 |
| 2 | **2 дәріс.** Кеден Одағының құрылу алғышарттары мен тарихы. | 2 | |
| | **Семинар сабағы.** Кеден Одағының кедендік құқықтық қатынастарының түсінігі және мазмұны. | 1 | 6 |
| 3 | **3 дәріс.** Кеден Одағындағы кеден саясаты. | 2 | |
| | **Семинар.** Кеден Одағының кеден саясатының бағыттары. Кеден Одағының кеден саясатының мақсаты мен міндеттері. | 1 | 6 |
| | **1 СӨЖ.** Кеден Одағын құрудың экономикаға және халық әл-ауқатына әсері. Тапсыру нысаны – баяндама. | | 10 |
| 4 | **4 дәріс.** Кеден Одағының және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасы . Кеден Одағының Кеден кодексі. | 2 | |
| | **Семинар.** Кеден Одағының кеден заңнамасының қалыптасуы мен даму кезеңдері. | 1 | 6 |
| 5 | **5 дәріс.** Халықаралық кеден құқығының негізі. Халықаралық кеден ұйымы шеңберінде қабылданған конвенциялар. | 2 | |
| | **Семинар.** Кеден одақтары және басқа да халықаралық ұйымдар. Қазақстанның халықаралық кеден және өзге де экономикалық ұйымдарға қатысуы. | 1 | 6 |
| | **2 СӨЖ.** Кеден Одағының кеден саясатын жүзеге асыру шаралары. Тапсыру нысаны – презентация. | | 10 |
| 6 | **6 дәріс.** Кеден Одағының кеден органдарының жүйесі. | 2 | |
| | **Семинар**. Кеден органдарының негізгі міндеттері және құқықтары. | 1 | 6 |
| | **3 СӨЖ.** Кеден Одағының бірыңғай кедендік тарифтерін құқықтық реттеу ерекшеліктері. Тапсыру нысаны – презентация. | | 10 |
| 7 | **7 дәріс.** Еуразиялық экономикалық одақтың құрылу алғышарттары, даму кезеңдері және тарихы. | 2 | |
| | **Семинар.** «Еуразиялық экономикалық одақ туралы» шарт. Еуразиялық экономикалық одақтың басқару органдары. | 1 | 6 |
| | **Бақылау жұмысы** | | 28 |
| **1 Аралық бақылау** | | | **100** |
| **MIDTERM** | | | **100** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8 | **8 дәріс.** Кеден Одағының кеден заңдарын бұзғандық үшін жауапкершілік. | 2 | |
| | **Семинар.** Кеден Одағының кеден заңдарын бұзғандық үшін жауапкершілік. Кеден заңдарын бұзғандық үшін әкімшілік жауапкершілік. Кеден заңдарын бұзғандық үшін қылмыстық жауапкершілік. | 1 | 6 |
| 9 | **9 дәріс.** Кедендік төлемдер. (Кеден Одағының Кеден Кодексінің жекелеген тарауларын саралау) | 2 | |
| | **Семинар.** Кедендік баждарды және салықтарды есептеу, төлеу мерзімі мен тәртібі. | 1 | 6 |
| | **4 СӨЖ.** Еуразиялық экономикалық одақты құру алғышарттары. Тапсыру нысаны – реферат. | | 10 |
| 10 | **10 дәріс.** Кеден Одағының Кеден кодексі бойынша кедендік рәсімдер. | 2 | |
| | **Семинар.** Кедендік рәсімдердің түсінігі, кедендік рәсімдердің түрлері. | 1 | 6 |
| 11 | **11 дәріс.** Кедендік бақылауды жүргізудің нысандары, тәртібі және қағидаттары. | 2 | |
| | **Семинар.** Кедендік бақылау жүргізу кезіндегі кедендік сараптама және сараптама жүргізудің тәртібі мен мерзімі. | 1 | 6 |
| | **5 СӨЖ.** Еуразиялық экономикалық комиссия ЕАЭО-тың атқарушы органы ретінде. Тапсыру нысаны – реферат, ауызша қорғау. | | 10 |
| 12 | **12 дәріс.** Кедендік декларацияны берудің алдындағы кедендік операциялар. | 2 | |
| | **Семинар.** Тауарларды кедендік шекара арқылы өткізудің тәртібі мен шарттары. | 1 | 6 |
| 13 | **13 дәріс.** Тауарларды кедендік декларациялау. | 2 | |
| | **Семинар.** Кедендік декларация. Декларанттың құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі. | 1 | 6 |
| | **6 СӨЖ.** Кеден Одағының кеден заңнамасындағы өзгерістерге талдау жасау. Тапсыру нысаны – баяндама. | | 10 |
| 14 | **14 дәріс.** Кеден Одағының шеңберіндегі кедендік келісімдер. | 2 | |
| | **Семинар.** Кеден Одағының шеңберіндегі кедендік келісімдер. | 1 | 6 |
| 15 | **15 дәріс.** Кеден саласындағы халықаралық-құқықтық ынтымақтастық. | 2 | |
| | **Семинар.** Кеден саласындағы халықаралық-құқықтық ынтымақтастық. Кеден саласындағы халықаралық ұйымдар. | 1 | 6 |
| | **Бақылау жұмысы** | | 28 |
| | **Қорытынды** | | **100** |
| | **Емтихан** | | **100** |
| | **Барлығы** | | **400** |

Факультет деканы Байдельдинов Д.Л.

| | |
|---|---|
| Әдісбюросы төрағасы | Урисбаева А.А. |
| Кафедра меңгерушісі | Жатканбаева А.Е. |
| Дәріскер | Қуаналиева Г.А. |